



20 19 ЖЫЛҒЫ “25” Базан

“ ” 20 \_\_\_\_ года

Аудиторлық есеп

Аудиторский отчет

Бесқайнар ауылы

№1

I. Кіріспе бөлік

**1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы:** «Талғар ауданының Бейсқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі қарай – Мекеме). Мекеме Алматы облысының Әділет департаментінің Талғар ауданының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде тіркеуден 20.03.2013 жылы өтіп, тіркеу туралы куәлігін алған. Бизнес сәйкестендіру нөмірі: 110. Есеп айырысу операциялары «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті Алматы облысы бойынша қазынашылық департаментінің Талғар ауданы бойынша қазынашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінде жүргізіледі. Коды: 1241012. Банктік сәйкестендіру коды KKMFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ73070106KSN0909060.

**1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы:** жергілікті бюджет қаражатының Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы.

**1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты:** жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізу.

**1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні:**

001 бағдарламасы: «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер», 005 бағдарламасы «Балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру» 008 бағдарламасы: «Елді мекенді көшелерін жарықтандыру», 009 бағдарламасы: Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету», 011 бағдарламасы: «Елді мекендерді абаттандыру мен көкалдандыру», 022 бағдарламасы: «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары». 040 бағдарламасы: «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру»

**1.5. Мемлекеттік аудиттің типі, тексерудің түрі:** Сәйкестік аудиті.

**1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы:** Нұрлан Нұрғалық бас маман – мемлекеттік аудитор (мемлекеттік аудитор сертификаты - 2016 жылдың 05 желтоқсанындағы №0316).

**1.7.** 10 қазан 2019 жылғы №02-16/8.7-363-Т мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырмасы негізінде. Тапсырмаға қол қойған Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі – Бақытжан Әділтайұлы Мұхамеджанов.

**1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2017 жылғы 1 қаңтар – 2018 жылғы 31 желтоқсан аралығы.

**1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі:** 2019 жылғы 21 қазанынан – 25 қазан аралығы.

**1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:** 2019 жылғы 25 шілдесіндегі «Аудиторлық іс – шараны жүргізу туралы» №02-13/1204 хабарламасы беріле отырып, «Талғар ауданының Бейсайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі Мейіржан Шорманұлы Әділбековтың келісімімен, мекеме бас маман есепшісі Айнур Қайратқызы Алиясқарованың қатысуымен жүзеге асырылды, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы болған лауазымды адамдар: бірінші қол қою құқығымен мекеме басшысы 2009 жылдың 03 маусымнан бастап осы күнге дейін Мейіржан Шорманұлы Әділбеков Екінші қол қою құқығына 2017 жылдың 05 қаңтарынан бастап 2018 жылдың маусымына дейін Абай Қайратұлы Еңкебаев 2018 жылдың маусымынан бас маман - есепші Айнур Қайратқызы Алиасқарова, осы күнге дейін ие.

**1.11. Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі:** жүргізілмеді.

**1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер:**

Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Ермек Мухаметкерімұлы Сабырұлы 07.06.2017 жылғы №02-16/36-28-286-Т тапсырмасының негізінде бас маман – мемлекеттік аудитор Қ.Манамұратов 2015 жылдың 01 шілдесінен бастап, 2016 жылдың желтоқсанын қоса алғандағы кезеңді қамтып, аудит жүргізген. Аудит жүргізу нәтижесі бойынша іс-сапар шығындары ҚР Үкіметінің 200 жылдың 22 қыркүйегіндегі №1428 Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің сондай-ақ ҚР Парламентінің депутаттарының ҚР шегіндегі қызметтік іс-сапарлары туралы ережені бекіту туралы қаулысы және оған кейінгі енгізілген толықтырулар мен өзгертулері талаптарының 5 тармағы сақталмаған яғни арнайы журнал жүргізілмегені анықталған. Осы күнге аталған бузушылық толық орындалған.

Тексеру комиссиясының бақылауында тұрған. Аудиторлық қортындылары (Нұсқамалары) жоқ.

## **II. Негізгі бөлік**

### **2.1. Аудит бағдарламасын ашып жазу:**

Мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын көрсеткіштер:

**Мемлекеттік аудит көрсеткіші:**

Мәнділік, аудиторлық тәуекел деңгейлері, іріктеу параметрлері, көлемі және әдістерін нақтылау арқылы анықталған мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де факторлардың көлемі.

**2.1.1. Аудит бағдарламасындағы мәселелердің атауы:**

*Аудиторлық іс-шараның мәселелері:*

елерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігінің тексеру.

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру.

3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.

4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру.

5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.

8. Активтердің, негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтардың бухгалтерлік есепте сәйкестігі мен олардың бар-жоғын анықтау үшін түгендеу жүргізу.

9. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру.

10. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуын тексеру:

а) Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі;

б) елді мекенді көшелерін жарықтандыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі;

в) елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі;

г) елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі;

д) Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

11. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

**1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру.**

Мекеменің қаржыландыру жоспарының жасалуы және өзгерістер енгізуде 04.12.2008 ж. №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидалары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі» талаптары басшылыққа алынған және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелерінің» бюджеттік бағдарламалардың бюджеттік сыныптама кодтарына және экономикалық классификатор ерекшеліктеріне сай бағытталынған.

Мекеменің қаржыландырудың жеке жоспарына мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде 5 өзгерістер енгізілген. Негізсіз өзгерістер енгізу фактілері болмаған.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында мемлекеттік мекемеде бағдарлама бөлінісінде:

*2017 жылдың қаржыландыру жоспарының орындалуы (жергілікті қазынашылық органның №4-20 «31.12.2017 жылғы шығындардың жинақтау есебі» нысаны бойынша). Оның ішінде мемлекеттік аудитпен қамтылғаны (қаңтар – желтоқсан айлары).*

001 бағдарлама «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 14634,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 14628,8 мың теңгеге шығысталып, немесе 99,9 % орындалған;

022 бағдарлама «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 390,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 200,0 мың теңге шығысталып, немесе 51 % орындалған.

040 бағдарлама «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру бюджет есебінен 1707,0 мың теңге жоспарланған,

соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 1707,0 мың теңге шығысталып, немесе 100 % орындалған.

**2018 жылдың қаржыландыру жоспарының орындалуы (жергілікті қазынашылық органның №4-20 «31.12.2018 жылғы шығындардың жинақтау есебі» нысаны бойынша).**

001 бағдарлама «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 16051,0 мың теңге жоспарланған 16002,2 мың теңгеге шығысталып, немесе 99,9 % орындалған; 005 Балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 1220,0 мың теңге жоспарланған 1220,0 мың теңгеге шығысталып, немесе 100 % орындалған;

008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 900,0 мың теңге жоспарланған 900,0 мың теңгеге шығысталып, немесе 100 % орындалған;

009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 1050,0 мың теңге жоспарланған, 1050,0 мың теңгеге шығысталып, немесе 100 % орындалған;

011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 3100,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 3100,0 мың теңгеге шығысталып, немесе 100,0 % орындалған;

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 300,0 мың теңге жоспарланған 300,0 мың теңгеге шығысталып, немесе 100 % орындалған.

040 бағдарлама «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру бюджет есебінен 1704,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 1703,9 мың теңге шығысталып, немесе 99,9 % орындалған.

Жалпы алғанда Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлау бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарымен нақты шығыстар арасында елеулі айырмашылықтар болмаған, жоспарға енгізілген өзгерістер негізді

(1-кесте: Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат аудиторлық есебіне №5 қосымшада қоса тіркелді).

Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

**2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығын тексеру.**

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында мекемеде 2017-2018 жылдары жабдықтаушы мен мердігерге қаржы аудару барысында келісім шарттар жасалған және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілерімен жүргізілген.

Мекеменің бюджеттік өтінімдердің жасалуы, тапсыру тәртібінің сақталуы 04.12.2008 ж. №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету Ережесі» талаптарына негізделген. Мекеменің төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары негізінде ай сайынғы бөлінген есептері бойынша көрсетілген қызметтерге, тауарларға бюджеттік бағдарламалардың экономикалық классификация ерекшеліктеріне сәйкес төленіп отырған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу ережесі» негізінде жеткізіп беруші мен мердігерге қаржы аудару келісім-шарты және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілері негізінде жүргізілген. Ақша аударулар, міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған (өзгерістерімен) ақша қаражаты шегінде шығын ерекшеліктеріне сәйкес қазынашылықтан тіркеуден өткен шарттар мен қаржылық рұқсаттары негізінде төлемшоттарымен аударылған және қазынашылық органының №4-20 Нысанына «Шығындардың жиынтық есебі» сәйкес келеді. Бухгалтерлік есептен өткен бастапқы құжаттарды қазынашылық органының №5-15 Нысан «Мемлекеттік мекеменің төлемдер бойынша күнделікті көшірмесі» құжатымен салыстыруда айырмашылықтар анықталған жоқ. Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген. Аудит жүргізуде негізсіз ақша аудару сондай-ақ мақсатсыз жұмсау фактілері анықталмады. Төлем жоспарынан артық бюджет қаржысын жұмсау және жоспардан артық тыс тауарлар мен қызметтер алу фактілері болмаған. Кассалық операциялар жүргізілмеген.

Есеп айрысу барысында 2017 жылы өзге де қорларды сатып алу 149 ерекшелігімен барлығы 13 келісім шарттар бойынша 541,0 мың теңгеге, қағаз, шаруашылық тауарлары алуға қаражаттар аударылған. Келісім шарттардың, есеп шот-фактуралар негізінде аталған тауарлар жеткізілген.

Өзге де жұмыстар мен қызметтер 159 ерекшелігімен барлығы 7 келісім шарттар бойынша 839,2 мың теңгеге ПАРУС КАЗ өніміне қызмет көрсету, компьютерлерге қызмет көрсету, банктік қызметтерге ақы төлеу, автокөлікті техникалық байқаудан өткізу, семинар өткізу, картридждерді толтыру қызметтеріне қаражат аударылып, орындалған. Келісім шарттардың, есеп шот-фактуралар негізінде аталған жұмыстар, қызметтер көрсетілген.

2018 жыл. Өзге де қорларды сатып алу 149 ерекшелігімен барлығы 11 келісім шарттар бойынша 1172,9 мың теңгеге кеңселік тауарлар, қосалқы бөлшектер, қағаз, шаруашылық тауарларына қаражат аударылып, алынған.

Келісім шарттардың, есеп шот-фактуралар негізінде аталған тауарлар жеткізілген.

Өзге де жұмыстар мен қызметтер 159 ерекшелігімен барлығы 6 келісім шарттар бойынша 1081,7 мың теңгеге ПАРУС КАЗ өніміне қызмет көрсету, компьютерлерге техникалық қызмет көрсету, банктік қызметтерге ақы төлеу, автокөлікті техникалық байқаудан өткізу, семинар өткізу, картридждерді толтыру, аукционға шығарылған автокөліктерді, ғимаратты бағалау, қызметтері, ғимаратты газдандыру бойынша жобалық жұмыстарды, архивті мұрағаттау, құжаттарды желімдеу, бейнебақылау орнату, желілерді жүргізу жұмыстарына қаражат аударылып, орындалған. Келісім шарттардың, есеп шот-фактуралар негізінде аталған жұмыстар, қызметтер көрсетілген.

*Бағдарлама мәселесі Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығына тексеру жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.*

**3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.**

Мекеменің 2017 жылғы штаттық кестесі бойынша мемлекеттік қызметкерлер 6 бірліктен тұрады (әкім – 1 бірлік, бас маман – 5 бірлік, айлық еңбек ақы қоры 556,3 мың теңге болып «Талғар ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы А.Кисебаевамен келісіліп, Бесқайнар ауылдық округі әкімі М.Адилбековпен бекітілген.

Мекеменің 2018 жылғы штаттық кестесі бойынша мемлекеттік қызметкерлер 5 бірліктен тұрады (әкім – 1 бірлік, бас маман – 4 бірлік, айлық еңбек ақы қоры 493,7 мың теңге болып «Талғар ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы А.Кисебаевамен келісіліп, Бесқайнар ауылдық округі әкімі М.Адилбековпен бекітілген.

Мекеменің әкімшілік қызметкерлеріне еңбек ақы Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы органдарының әкімшілік қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» 17.01.2004 ж. №1284 Жарлығына сәйкес есептеліп төленген.

Қызметкерлердің лауазымдық жалақылары мамандығы бойынша комиссия анықтаған жұмыс өтіліне, жұмыскер атқаратын лауазымды қызметтің категориясына, квалификациялық разрядтарға сәйкес анықталған коэффициенттер мен Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген базалық лауазымдық жалақылары негізінде анықталған.

Мекеменің 2017 жылғы техникалық қызметкерлер 6 бірлік, айлық еңбек ақы қоры 223,7 мың теңге болып тарифтік тізімі мекеме басшысы М.Адилбековпен бекітілген.

*М*

Мекеменің 2018 жылғы техникалық қызметкерлер 6 бірлік, айлық еңбек ақы қоры 270,5 мың теңге болып тарифтік тізімі мекеме басшысы М.Адилбековпен бекітілген.

Оларға еңбекақы төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы басшылыққа алынған.

Мекемеде қызметкерлердің еңбек өтілін есептеу комиссиясы құрылып, еңбек өтілі анықталған. Аудиторлық іс-шарамен қызметкерлердің жеке іс құжаттары, жұмысқа қабылданғаны туралы, босатылғаны, еңбек демалысын алуы туралы бұйрықтар, жұмыс уақытын пайдалану табелі және т.б. құжаттары тексеріліп, еңбек өтілі анықталып тексерілді.

Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды есептеу және төлеу барысында Қазақстан Республикасының Үкіметінің 29.08.2001ж. №1127 «Мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарында қаралған қаржының үнемделуінен сыйақы, материалдық көмек көрсету және қосымша ақы төлеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес есептеліп төленген.

Еңбек демалысының төлемдерін немесе пайдаланылмаған еңбек демалысының күндерінің төлемдерін, уақытша еңбекке жарамсыздыққа, жүктілікке, бала тууға байланысты жәрдемақыларды төлеуде орташа жалақы есептеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 30.11.2015 жылғы №908 «Орташа жалақы есептеудің бірыңғай қағидалары» бұйрығына сәйкес есептелген.

Мекеме қызметкерлерінің еңбекақыларын реттеу, лауазымдық жалақылары, тарифтік ставкалары, еңбекақыға үстеме және қосымша ақылары дұрыс белгіленген.

*Бағдарлама мәселесі Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығына тексеру жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.*

#### **4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру.**

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында іс-сапар шығындарына мекемеде:

2017 жылы 001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 136-ерекшеліктен -132,3 мың теңге, 161 ерекшелігінен «Ел ішіндегі іс-сапарлар мен қызметтік сапарлар» - 158,0 мың теңге қарастырылып, нақты игерілген..

2018 жылы 001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 136-ерекшеліктен -113,6 мың теңге, 161

ерекшелігінен «Ел ішіндегі іс-сапарлар мен қызметтік сапарлар» -93,6 мың теңге қарастырылып, нақты игерілген.

Іссапар шығындарын өтеулер Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы аумағында іс-сапар ережесін бекіту туралы» 2000 жылдың 22 қыркүйегіндегі №1428 (кейінгі толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) қаулысының талаптарына сәйкес өтелген және ҚР Қаржы Министрлігінің 2009 жылғы 06 тамызындағы №331 «Мемлекеттік мекемелердің карт есебі және кассадағы ақша қалдығының лимитін анықтау, кассалық операцияларды жүргізу ережесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес іс-сапар шығындарының төлемдері әр адамның жеке карт шоттарына аудару арқылы жүргізілген.

*Бағдарлама мәселесі Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігіне тексеру жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.*

#### **5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.**

Мекеме Талғар ауданы, Бесқайнар ауылы, Жамбыл көшесі 19 үй мекен-жайында Бесқайнар аулы №20 мектептің ғимаратында 71 ш.м. бөлмеде 13.11.2018 № 91 мезгілсіз келісім-шартпен орналасқан. «Талғар ауданының Бесқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің балансында ғимаратты жоқ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 335 Қаулысына сай мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаңдар нормалары сақталған. Мекеменің теңгерімінде 2014 жылғы «ВАЗ 21214» маркалы мемлекеттік тіркеу нөмірі 664 VV 05, бар. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 663 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы» қаулысында көрсетілген нормалар сақталған. Қосалқы бөлшектер ақаулы актілерге сай есептен шығарылған.

2017 жылы "Royal Petrol." ЖІС арасында 2017 жылдың 15 мамыр жанармай отыны- 438,0 мың теңгеге № 39 келісім-шарты жасалынған.

2018 жылы «Тапсырыс беруші мен "Res Prospere." ЖІС арасында 2018 жылдың 12 ақпанда бензин отыны- 489,6 мың теңгеге № 6 келісім-шарты жасалған. Есеп шот-фактуралары негізінде аталған тауарлар алынып нормаға сай жұмсалған. Жанар-жағар май және автокөлікті ұстау шығындары Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар министрлігінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 қыркүйектегі № 1210 «Автокөлікті ұстау шығындары және жанар-жағар май шығыс нормасы» қаулысына сәйкес шығысталған. Мемлекеттік органның пайдаланатын алаңдары, қызметтік автокөліктері нормаларға сай пайдаланылған.

*Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.*

**6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.**

Телефон және интернет «Қазақтелеком» АҚ жасалған №1 келісім шарт негізінде қойылған есеп шот фактураларымен 01.02. 2017 жылы байланыс үшін 450,0 мың.тенге, 2018 жылы №7 келісім шарт негізінде қойылған есеп шот фактураларымен 23.02. 2017 жылы байланыс 480,0 мың.тенге қаржы аударылған. Көрсетілген қызметтердің бағалары мен тарифтері Алматы облысы бойынша реттелген бағалар мен тарифтерге сәйкес. Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.11.1998 жылғы №1118 «Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы» Қаулысына сәйкес жүзеге асырылған.

*Бағдарлама мәселесі коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.*

**7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.**

Бухгалтерлік есеп жүргізу мекемеде жалпы 2008 жылдың 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Бюджет Кодексі, «Есеп саясатын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесіне сәйкес жасалған; Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі басшылыққа алынып, «Парус-КАЗ БЮДЖЕТ» ақпараттық бағдарламасында қанағаттандырылғы есеп жүргізілген. Тоқсандық, жылдық есептер толық жасалып, тиісті қосымшаларымен жоғары уәкілетті орындарға белгіленген уақытында тапсырылған.

Жеткізушілердің және жабдықтаушы, қызмет көрсетуші ұйымдар мен кәсіпорындардың тиісті құжаттарымен расталған. Мекеменің бухгалтерлік балансында 2018 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық немесе кредиторлық қарыздар тіркелмеген.

**Тармақ-1.** 2018 жылдың қаңтар айында 38328-00 тенге, ақпан айында 35189-00 тенге, наурыз айында 53140-00 тенге, әлеуметтік салығы кем есептелініп жалпы соммасы **126657-00** тенге салық декларациясында көрсетілмеген. Сонымен қатар 2018 жылдың қаңтар айында 33471-00 тенге, ақпан айында 31067-00 тенге, наурыз айында 57627-00 тенге, табыс салығы кем есептелініп жалпы соммасы **122159-00** тенге салық декларациясында көрсетілмеген. (Бұл жеке тұлғалардың өздерінен жеке табыс салығы, міндетті

зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептелетін және ұсталатын, оның ішінде өзінің пайдасына есептелетін, сондай-ақ әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар есептелетін, оның ішінде өзінің пайдасына есептелетін табыстары ҚР Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы берілген 2014 жылдың 28. қарашасындағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген (Салық кодексі) 67,160,161, 158 бабтарына қайшы келеді.

*Аудит барысында жоғарыда көрсетілген суммаларды қосымша декларациямен мемлекеттер кіріс басқармасына тапсырылды. Аталған сумма жергілікті бюджетке төлеуге жатады. (Бұзушылықты дәлелдейтін құжаттардың көшірмелері Түсініктеме, Салық декларациясы және есептен төлеу ведомость қосымша тіркеледі).*

**8. Активтердің, негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтардың бухгалтерлік есепте сәйкестігі мен олардың бар-жоғын анықтау үшін түгендеу жүргізу.**

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің 2011 жылғы 22 тамыздағы № 423 Мемлекеттік мекемелерге түгендеу жүргізу қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сай негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтардың бухгалтерлік есепте сәйкестігі мен олардың бар-жоғын анықтау үшін түгендеу жүргізілді. Аудит объектісіне жүргізілген түгендеу құжаттары (бұйрық көшірмесі, түгендеу тізімі, т.б.) №9 қосымша (6 парақта тіркелді).

*Бағдарлама мәселесі Активтердің, негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтардың бухгалтерлік есепте сәйкестігі мен олардың бар-жоғын анықтау үшін түгендеу жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.*

**9. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру.**

**2017 жылы 022 бағдарламасы бойынша** «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 300,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 200,0 мың теңге шығысталып, немесе 51 пайызға орындалған, оның ішінде: 414 «машиналар жабдықтар, өндірістік және шаруашылық құралдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша 200,0 мың теңге қаралып 200,0 мың теңге игерілген. Тапсырыс беруші» мен «ЖК Разиев Р.» арасында 2017 жылдың 16 мамырында № 40 келісім-шартымен Ноутбук сатып алынған, өнім есеп шот-фактура негізінде орнатылған.

**2018 жылы 022 бағдарламасы бойынша** «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 300,0 мың теңге жоспарланған 300,0 мың теңгеге шығысталып, немесе 100,0 пайызға орындалған, оның ішінде

414 «машиналар жабдықтар, өндірістік және шаруашылық құралдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша 100,0 мың теңге қаралып игерілген. Тапсырыс беруші» мен «Qwerty» ЖК арасында келісім шарттар

№25 2018 жылдың 31 мамырында негізгі құралдарды сатып алған, принтер – 85,0 мың теңге, телефон-15 мың теңгеге жасалған.

416 «Материалдық емес активтерді сатып алу» ерекшелігі бойынша 190,0 мың теңге қаралып 200,0 мың теңге игерілген. Тапсырыс беруші» мен "Парус" ЖШС арасында 2018 жылдың 20 ақпанында «Парус-КАЗ. Бюджет» бағдарламасын сатып алу туралы- 200,0 мың теңгеге №9 келісім-шарты жасалған. Келісім шарттың 1 қосымшасына сәйкес, есеп шот-фактурасы негізінде аталған тауарлар жеткізілген. Өнім есеп шот-фактура негізінде орнатылған, 1 қосымшасына сәйкес Есеп шот-фактуралары негізінде аталған тауарлар мерзімінде жеткізілген.

*Бағдарлама мәселесі, Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.*

**10. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуын тексеру:**

*а) 2018 жылы Балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру* 005 бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 1220,0 мың теңге жоспарланған, 1220,0 мың теңгеге шығысталып, немесе 100 % орындалған, оның ішінде 153 «Көлік қызметтеріне ақы төлеу» ерекшелігі бойынша; Ақбулақ және Қотырбұлақ оқушыларын №20 орта мектепке күнделікті тасымалдау «Өнім беруші» мен " ЖК КУЛИРБЕКОВА арасында 2018 жылдың 23 ақпанында 320,0 мың теңге №10 келісім-шарты жасалды, «Өнім беруші» мен " ЖК "SKYNET арасында 2018 жылдың 22 мамырында 900,0 мың теңге №20 келісім-шарты жасалып жұмыстар толығымен атқарылып отырылған.

*б) 2018 жылы Елді мекенді көшелерін жарықтандыруға бөлінген шығындарын тексеру.* 008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 900,0 мың теңге жоспарланған, 900,0 мың теңгеге шығысталып, немесе 100 пайызға орындалған, оның ішінде

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 900,0 мың теңге қаралып, " ЖШС CJ GROUP арасында 2018 жылдың 10 сәуірінде 900,0 мың теңге №16 келісім-шарты жасалды. Келісім шарттардың 1 қосымшасына сәйкес Бесқайнар ауылының көшелеріне жарықтандыру жүйесін оmontаж жасау жұмыстарына, есеп шот-фактурасы негізінде аталған жұмыстар орындалған.

*в) 2018 жылы* 009 бағдарламасы бойынша *Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету* 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 1050,0 мың теңге қаралып, «Өнім беруші» ЖШС "Sky-Talgar" арасында 2018 жылдың 15 желтоқсанында 500,0 мың теңге №47/48-49 келісім-шарты жасалды. Қотырбұлақ ауылының жолдарына құм шашу, қарын тазалау, арықтарын

тазалау жұмыстары. Келісім шарт бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі 2018 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып айқындалған, мекемемен ай сайынғы орындалған жұмыстар актілерімен қаражат төленіп отырған. «Өнім беруші» ЖК "Данияр" арасында 2018 жылдың 10 қазанында 95,0 мың теңге №31 келісім-шарты жасалды. Бесқайнар ауылының нөсер кәріз жүйелерін тазалау жұмыстары. Келісім шарт бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі 2018 жылдың 30 қазанына дейін болып айқындалған, мекемемен ай сайынғы орындалған жұмыстар актілерімен қаражат төленіп отырған.

«Өнім беруші» ЖК "Дәулетбек" арасында 2018 жылдың 10 қазанында 220,0 мың теңге №32 келісім-шарты жасалды. Бесқайнар ауылының зиянсыз қалдықтарын тазалау жұмыстары. Келісім шарт бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі 2018 жылдың 30 қазанына дейін болып айқындалған, мекемемен ай сайынғы орындалған жұмыстар актілерімен қаражат төленіп отырған

**г) 2018 жылы Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға бөлінген шығындарды тексеру.** 011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 3100,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 3100,0 мың теңгеге шығысталып, немесе 100 пайызға орындалған;

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша " ЖШС CJ GROUP арасында 2018 жылдың 24 наурызында 1315,0 мың теңге №16 келісім-шарты жасалды. Келісім шарттардың сәйкес Бесқайнар ауылының арық жиелерін қалпына келтіру, жалауларды ауыстыру, арықтарды қоқыстан тазарту, жасау жұмыстарына, есеп шот-фактурасы негізінде аталған жұмыстар орындалған.

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша " ЖК Кулербеков арасында 2018 жылдың 27 мамырында 240,0 мың теңге №21 келісім-шарты жасалды. Келісім шарттардың сәйкес Бесқайнар ауылының ағаштарды механикалық жолмен тамырымен жою жұмыстары, есеп шот-фактурасы негізінде аталған жұмыстар орындалған.

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша "ЖШС "RK STROY" арасында 2018 жылдың 31 мамырында 795,0 мың теңге №30 келісім-шарты жасалды. Келісім шарттардың сәйкес Бесқайнар ауылының ағаштарының қолмен ақтау, жалаушаларды бағанаға ілу, аймақты жөндеу есеп шот-фактурасы негізінде аталған жұмыстар орындалған.

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша "ЖК "Дәулетбек" арасында 2018 жылдың 19 желтоқсанында 165,0 мың теңге №46 келісім-шарты жасалды. Келісім шарттардың сәйкес Бесқайнар ауылының арықтарын мұздан тазарту есеп шот-фактурасы негізінде аталған жұмыстар орындалған

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша " ЖШС "Sky-Talgar " арасында 2018 жылдың желтоқсанында 200,0

мың теңге №45 келісім-шарты жасалды. Келісім шарттардың сәйкес Бесқайнар ауылының ағаштарының қолмен ақтау, жалаушаларды бағанаға ілу, аймақты жөндеу есеп шот-фактурасы негізінде аталған жұмыстар орындалған.

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша "ЖК "Нұрлы жүрек" арасында 2018 жылдың 19 желтоқсанында 385,0 мың теңге №44 келісім-шарты жасалды. Келісім шарттардың сәйкес Бесқайнар ауылының көшелерін қардан тазалау у есеп шот-фактурасы негізінде аталған жұмыстар орындалған

**д) Өңірлерді дамыту бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру;**

2017 жылы 040 «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру бюджет есебінен 1707,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 1707,0 мың теңге шығысталып, немесе 100 пайызға орындалған, оның ішінде 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша «Агробытсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен "Алматы облысы Бесқайнар ауылының Мичурин көшесіндегі арық желілерін көркейту жөндеу жұмыстары бойынша 2017 жылдың 21 қыркүйегінде 1707,0 мың теңгеге №1 келісім шартқа отырған. Жоғарыда аталған жұмыстар орындаған туралы актілермен төленген.

2018 жылы 040 «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет есебінен 1704,0 мың теңге жоспарланған, соның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде 1704,0 мың теңгеге шығысталып, немесе 100 пайызға орындалған, оның ішінде 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша

«Тапасырушы» мен «ЖК "PROFI"» арасында Бесқайнар ауылындағы Мичурин көшесіндегі ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша 2018 жылдың 12 сәуірінде 1099,0 мың теңгеге №17 келісім шартқа отырған, келісім-шарттың талабына сәйкес жұмыстарды 2018 жылдың 30 маусымына дейін бітіруге міндеттеме алып мерзімінде бітірген. Аталған жұмыстар орындаған туралы актілермен төленген.

«Тапасырушы» мен «Дәулетбек» ЖК арасында Бесқайнар ауылындағы бетон қалауға байланысты ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша 2018 жылдың 10 қазанындағы 160,0 мың теңгеге №35 келісім шартқа отырған, келісім-шарттың талабына сәйкес жұмыстарды 2018 жылдың 30 қазанында дейін бітіруге міндеттеме алып мерзімінде бітірген. Аталған жұмыстар орындаған туралы актілермен төленген.

«Тапасырушы» мен «Алина» ЖК арасында Жаңалық ауылындағы орта мектептің ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша 2018 жылдың 10 қазанында 205,0 мың теңгеге №36 келісім шартқа отырған, келісім-шарттың талабына сәйкес жұмыстарды 2018 жылдың 30 қазанына

дейін бітіруге міндеттеме алып мерзімінде бітірген. Аталған жұмыстар орындаған туралы актілермен төленген.

«Тапасырушы» мен «Дәулетбек» ЖК арасында Бескайнар ауылындағы арық науаларын орнатту жұмыстарын жүргізу бойынша 2018 жылдың 10 қазанындағы **240,0** мың теңгеге №37 келісім шартқа отырған, келісім-шарттың талабына сәйкес жұмыстарды 2018 жылдың 30 қазанында дейін бітіруге міндеттеме алып мерзімінде бітірген. Аталған жұмыстар орындаған туралы актілермен төленген.

Жалпы алғанда мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларының нормалары сақталған.

*Бағдарлама мәселесі, Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуы тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.*

**11. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.** Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер туындаған жоқ.

### **III. Қорытынды бөлік**

*Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:*

*Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына) сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін бағалау:*

Аудит бағдарламасында көрсетілген 11 сұрақтың нәтижесі бойынша аудит жүргізілді. Аудит бағдарламасының басқада мәселелері бойынша жоспарланып, жұмсалған қаражаттардың, жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес игерілгені анықталды.

Жүргізілген аудиторлық іс-шара нәтижесі бойынша мемлекеттік мекемеде аудит мақсатына сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателердің көлеміне, ал мекеменің қазіргі лауазымды тұлғаларының заң бұзушылықтарға жол бермеуіне жауапкершілік алуларын, бюджетке нұқсан келтірілмеген, қанағаттанарлық деңгейде деген пікір ұсынылады.

**Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер:** Мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергілер болған жоқ.

**Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:**

Аудит барысында қабылданған шаралар болмады.

**IV. Қосымшалар:**

1) №1 қосымша: Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап (2 парақта);

2) №2 қосымша: Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі (3 парақта);

3) №3 қосымша: 1-Кесте: Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпараты. (2 парақта);

4) №4 қосымша: Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы апта сайынғы есебі, (2 парақта);

5) №5 қосымша: Ұсыным хат (1 парақта);

6) №6 қосымша: Аудиторлық бағдарламаның сұрақтары бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі (1 парақта);

7) №7 қосымша (2 парақта) Бақылау әлісімі (тексеріп қарау) АКТІСІ.

8) №8 қосымша: Аудит объектісінің Құрылтай және басқада құжаттарының (анықтама, ереже т.б.) көшірмелері (9 парақта);

9) №9 қосымша Анықталған бұзушылықты дәлелдейтін құжаттардың көшірмелері түсініктеме, бұйрықтар және бюджетке тапсырылған декларация көшірмесі, аудиторлық есепке қосымша тіркеледі (18-парақта);

**Тексеру комиссиясының қызметкері:**

Бас маман – мемлекеттік аудитор

Нұрғалық Н.

**Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар:**

(лауазымы)

(қолы, ТАӘ (болған жағдайда))

**Аудиторлық есеп екі данада жасалды:**

1-ші дана № 008398 бланкте: «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне;

2-ші дана № 008399 бланкте: «Талғар ауданының Бесқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне.